

егемен

Қазықаспан

## Қасиетті тақпен қатынас нығая түсті

Кеше Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Италия Республикасына ресми сапарын аяқтаған соң, Римнің ортасындағы Ватикан Мемлекетіне ресми сапармен келді. Оны Қасиетті тақ әкімшілігінің басшысы, архиепископ Д.Харби қарсы алып, Рим Папасы Бенедикт XVI-мен кездесуге бастады.

Бұған дейін Папаның тағында 27 жыл отырған Иоанн Павел II өзінің бейбітсүйгіш, салиқалы саясаты мен адами асыл қырларының арқасында әлем жұртшылығының құрметіне бөленді. Ол Қазақстанға да келіп, халқымызды бейбіт өмір сүруге шақырғаны, Елбасы Н.Назарбаевтың осы тараптағы бастамаларын қолдағаны белгілі.

Бүгінде көзі қарақты кез келген оқырман Ватикан туралы хабардар деп ойлаймыз. Бұл мемлекет туралы көптеген анықтамалықтар шыққан. Сонымен қатар, Ватикан әлемнің барлық елдерінде шыққан энциклопедиялық басылымдардан орын алғандығы анық. Сондықтан да Ватиканның қаржы, қауіпсіздік, шаруашылық саясаты дегендерге тоқталмай-ақ қоялық. Ал руханият саласынан өзіміз осы жолы анықтаған кейбір жәйттерді айта кетелік.

Папаның 1603 жылы құрылған өзінің Ғылым академиясы бар. Ол физика, математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша зерттеу жұмыстарына көмек беруді өзінің алдына мақсат еткен. Папа тағайындаған 70 академик қазір әлемнің 20-дан астам елдерінде тұрып жатыр.

Ватикан әртүрлі елдерде жүздеген газеттер мен журналдар да шығарады. Ал ресми органы – “Обсерваторе Романо” деп аталатын күнделікті газет. Оның тиражы 30 мың данадай. Ватиканның 32 тілде хабар тарататын радиосы әлемнің көптеген елдеріне жеткен. Сондай-ақ арнаулы телебағдарламалар дайындайтын орталығы да бар.

Діни қайраткерлерді және елдің басқа да лауазымды қызметтеріне адамдарды Папа бес жылға тағайындайды. Осы мерзім өткен соң лауазымды тұлға отставка сұрайды. Бірақ Папа оны өз қызметіне жаңа мерзімге тағайындауы мүмкін. Бірақ жасы 75-ке жеткен адамдар Қасиетті тақтың басқарушы қызметкерлері қатарына тағайындалмайды.

Ватиканның халықаралық саясаттағы ықпалы әлемнің барлық бұрышына тараған католиктердің қолдауына сүйенген. Қазір әлемдегі католиктік иерархияның саны 4482-ге жетті. Олардан басқа католик шіркеулерінде 405 мыңнан астам священниктер бар. Оның 265 мыңнан астамы епархиялық дін өкілдеріне жатады. Бұлардан басқа 55428 монах бар. Бұлар дін

қызметкерлері болса, діндарлардың саны олардан жүздеген есе артық екенін білуге болады. Қазір әлемдегі католиктердің 50%-ы – Америкада, 27%-ы – Еуропада, 12%-ы – Африкада, 10%-ы – Азияда, 1%-ы Австралия мен мұхиттық аралдарда тұрады.

Міне, осындай аса шағын болса да ықпалды елмен ынтымақтастық орнатуға Қазақстан мүдделі болып отыр. Елбасының сапары осыны айғақтайды.

Президент Н.Назарбаев пен Рим Папасы Бенедикт XVI арасында болған келіссөздерден соң олардың үстіне қазақстандық делегация мүшелері шақырылды. Олар кезекпен келіп Папаның қолын алды. Рим Папасы Қазақстан Президентінің әлемде қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтауға бағытталған бастамаларына оң баға берді. Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінің өтіп тұруын, оның адамзат қауіпсіздігі мен діндер арасындағы төзімділікке қызмет ететінін жоғары бағалайтынын жеткізді. Сонымен бірге, Қазақстанның табиғат апатынан қираған “Әулие Биаджо” шіркеуін қалпына келтіруге берген көмегі үшін ризашылығын білдірді.

Папамен кездесуден кейін Президент Н.Назарбаев Ватиканның Мемлекеттік хатшысы Тарчизио Бертонемен кездесіп, келіссөздер жүргізді. Онда екіжақты қарым-қатынастың бірқатар мәселелері талқыланды.

Авторы: Жақсыбай Самрат